

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қыркүйектегі N 1154 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1104 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қоршаған ортаны ластауға рұқсат беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қыркүйектегі N 1154 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 31, 409-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоршаған ортаны ластауға рұқсат беру е р е ж е с і н д е :

1-тармақта "ұйымдарға" деген сөз "заңды және жеке тұлғаларға" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыларға рұқсат беру қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган берген шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруға лицензия болған кезде беріледі.";

5 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемдегі "негізгі парақ" деген сөздер "белгіленген үлгіде толтырылған бланк" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "Негізгі парақтан деген сөздер "Белгіленген үлгіде толтырылған бланкте" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ереженің 16-тармағында көрсетілген мерзімдерде өтініштер берген табиғат пайдаланушылар үшін рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат сұралатын жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсаны аралығына белгіленеді.

Табиғат пайдаланушы өтініш материалдарын Ереженің 16-тармағында көрсетілген мерзімдерден кешіктіріп берген жағдайда рұқсаттың қолданылу мерзімі берілген күннен бастап сұралатын жылдың 31 желтоқсанына дейін

б е л г і л е н е д і " ;

12-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"экологиялық талаптар мен нормаларды табиғат пайдаланушылардың жүйелі түрде бұзуы (2 реттен астам)";

13-тармақтағы "рұқсаттарда белгіленген" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада және рұқсаттарда белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Рұқсаттар алуға өтініштерді жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін заңды және жеке тұлғалар рұқсат сұралатын жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 наурыз аралығында береді";

20 - т а р м а қ т а :

"сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

"көлемінің" деген сөзден кейін "және табиғат пайдалану шарттарының" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Егер орталық органға ұсынылатын өтініштер материалдары Ереженің талаптарына сәйкес келмеген кезде материалдар ескертулерді 30 күн мерзімде жою үшін табиғат пайдаланушыға қайтарылады.

Табиғат пайдаланушы өтініш материалдарын осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімнен кешіктіріп қайта ұсынған жағдайда рұқсаттың қолданылу мерзімі берілген күннен бастап рұқсат сұралатын жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленеді." ;

26-тармақтағы "жинақылығы" деген сөзден кейін ", лаस्ताудың сұралатын көлемі есебінің дұрыстығы" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі